

Электр энергиясына арналған тарифтер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 102 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шаруашылық жүргізуші субъектілер - табиғи монополияшылардың өнімдеріне бағаны реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қазандағы N 1171 қаулысының 2-тармағының талаптары ерекшелік ретінде қаралып, Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі мен Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті электр энергиясына қолданылып жүрген тарифтерді 1996 жылдың 1 ақпанынан бастап орта есеппен 4 п р о ц е н т к е а р т т ы р с ы н .

2. Ұлттық электр жүйесіне жалғасқан тұтынушыларға электр энергиясын босату "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетикалық жүйесінің көтерме тарифы бойынша жүргізіледі деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп екі ай мерзім ішінде энергетика саласындағы әлеуметтік-мәдени объектілердің жекешелендірілуін қамтамасыз е т с і н .

Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, облыстардың әкімдері 1996 жылдың 1 наурызынан бастап 1 шілдесіне дейін әлеуметтік-мәдени саланың қалған объектілерін жергілікті атқарушы органдар балансына беруді жүзеге а с ы р с ы н .

Бірінші кезекте Екібастұз ГРЭС-1, Ермак ГРЭС, "Южказэнерго" Оңтүстік Қазақстан энергетика жүйесі, "Целинэнерго" Тың энергетика жүйесі, "Атырауэнерго" Атырау энергетика жүйесі әлеуметтік-мәдени саласының объектілері беріледі деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті:

бір ай мерзімде судың, мазуттың, газдың бағасының негізсіз өсуіне шек қою

жөнінде жұмыс жүргізісін және қабылданған шаралар туралы Үкіметке мәлімдесін ;

ағымдағы жылдың I тоқсанында жергілікті жерлерге барып электр энергиясының өндірісіне кететін шығынның нақты деңгейіне тексеріс жүргізісін және 1 мамырда Үкіметке мәлімдесін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі, мемлекеттік Экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің инвестициялық жобалар жөніндегі ұсыныстарын қарасын және бір ай мерзімде Үкіметке ұсыныс енгізісін.

6. 1996 жылғы 1 ақпаннан бастап:

"Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласын басқарудың құрылымын қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1033 қаулысының 6-тармағындағы екінші абзацтың ;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1033 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 қыркүйектегі N 1268 қаулысының үшінші абзацының ;

"Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуды ынталандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6 қазандағы N 1311 қаулысының 1, 2-тармақтарының, 4-тармағындағы бірінші және екінші абзацтарының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі